



Бекітемін

Майыс

«Altyn Uya New» жеке балабақшасының
менгерушісі А.А.Таухабаева

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2025– 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.1.Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылы үшін есебі. 1.2.2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту. 1.3Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау. 1.4 Мектепке дейінгі ұйымды 2025 – 2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.	қазан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2	1. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу. 2. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау. 3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу. 2. МдҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

	ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу		
4	1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу. 2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі іс-шараларды белсенді өткізуге ат салысу. 3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау. 4. 2025-2026 оқу жылында жасалған қамқоршылық кеңестің есебі	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылындағы №1 отырысының ХАТТАМАСЫ

Өтікізілген күні: «25» қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: Балабақша ғимараты

Төрағасы Сейлева А.Т.

Хатшысы Есказиева А.Е.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 5 адам, балабақша меңгерушісі
А.А.Таухабаева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылы үшін есебі.
2. 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау.
4. Мектепке дейінгі ұйымды 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңестің төрағасы сөз сөйлеп, кеңестің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытынды есебін ұсынды. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбие сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралардың сәтті жүзеге асырылғанын атап өтті. Ата-аналармен және демеушілермен тығыз байланыс орнатылып, біршама мәселелер оңтайлы шешімін тапқаны айтылды. Балабақша меңгерушісі А.А.Таухабаева өткен оқу жылындағы қолдауы мен белсенді жұмысы үшін кеңес мүшелеріне алғыс білдірді.


ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі А.А.Таухабаева және кеңес төрағасы бірлесе отырып, жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. Жоспарда балабақшаның даму стратегиясына қолдау көрсету, балалардың құқықтарын қорғау, мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу және мекеменің ашықтығын қамтамасыз ету шаралары қарастырылған. Кеңес мүшелері жоспарды талқылап, өз ұсыныстарын енгізді.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңес мүшелері мен балабақша әкімшілігі балабақшаға көрсетілетін ерікті жарналар мен демеушілік қаражаттарды пайдалану тәртібін талқылады. Қаражаттың тек мақсатты түрде, яғни балалардың даму ортасын жақсарту, топтарды заманауи көрнекіліктермен және ойыншықтармен толықтыру, сондай-ақ шұғыл жөндеу жұмыстарына ғана жұмсалуды керектігі баса айтылды. Қаражаттың жұмсалудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әр тоқсан сайын есеп беріліп отыру тәртібі бекітілді.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі А.А.Таухабаева сөз алып, мектепке дейінгі ұйымды 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау барысы туралы баяндады. А.А.Таухабаева жылу жүйесінің жағдайы, терезелер мен есіктердің жылытылуы, ғимараттың шатырын тексеру және қысқы кезеңде балалардың қауіпсіздігін (ауланың қарын тазалау, көктайғақтың алдын алу) қамтамасыз ету бойынша жоспарланған жұмыстарды ортаға салды. Кеңес мүшелері қысқа дайындық жұмыстарына қолдау көрсетуге дайын екендіктерін жеткізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын және бекітілсін.
2. «Altyn Uya New» жеке балабақшасының қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары айтылған ұсыныстарды ескере отырып бекітілсін.
3. Ерікті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары (ойыншықтар, көрнекі құралдар, ағымдағы шұғыл қажеттіліктер) мен ережелері айқындалсын.
4. Жиналған және жұмсалған қаражат туралы есептің ашықтығы бақылауға алынсын.
5. Балабақша әкімшілігінің 2025-2026 оқу жылының қысқы кезеңіне дайындық жұмыстары туралы ақпараты назарға алынсын.
6. Қысқы маусымға дайындық жұмыстарын сапалы әрі уақытылы аяқтау балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы  А.Т.Сейлева

Жиналыс хатшысы  А.Е.Есказиева

**Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылындағы
№2 отырысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «10» желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: Балабақша ғимараты

Төрағасы Сейлева А.Т.

Хатшысы Есказиева А.Е.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 5 адам, балабақша меңгерушісі

А.А.Таухабаева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
2. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі А.А.Таухабаева сөз алып, алда келе жатқан жаңа жылдық мерекелік іс-шараларға дайындық барысы туралы баяндады. Ол балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін сценарийлердің әзірленгенін, топтар мен акт залын безендіру жұмыстары басталғанын атап өтті. Ата-аналар комитетінің өкілдері балаларға берілетін мерекелік сыйлықтардың сапасы мен құрамын талқылап, ертеңгіліктер кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің қатаң сақталуы қажеттігін алға тартты.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: Балабақшада бүлдіршіндердің тиімді тамақтануын ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау мәселесі қаралды. Кеңес төрағасы мен мүшелері балалардың күнделікті тамақтану мәзірімен, тағамдардың құнарлылығымен және асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайымен танысты. меңгерушісі А.А.Таухабаева тамақ өнімдерінің сапасы күнделікті бақылауда екенін, балалардың жас ерекшелігіне қарай теңгерімді және дәрумендерге бай мәзір бекітілгенін жеткізді. Ата-аналар тарапынан тамақтану сапасын одан әрі жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар айтылды.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары, нысандары, мөлшері мен тәртібі талқыланды. Кеңес мүшелері балабақшаның ағымдағы қажеттіліктерін (топтардағы тозған жиһаздарды жаңарту, дамытушы ойыншықтар мен әдістемелік құралдар сатып алу, ауладағы ойын алаңқайларын жөндеу) сарапқа салды. Осы мақсаттарға бөлінетін қаржының нақты мөлшері мен жұмсалып жатқан тәртібі айқындалып, демеушілік және ерікті жарналардың ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігі баса айтылды.

ОТЫРЫС ШЕШІМІ:

1. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және өткізу жоспары мақұлданын. Мерекелік шаралар кезінде балалардың қауіпсіздігі мен санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Балабақшада бүлдіршіндердің тиімді, сапалы және теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын. Тамақ сапасына ата-аналар мен кеңес мүшелері тарапынан тұрақты түрде қоғамдық бақылау жүргізілсін.
3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдаланудың айқындалған бағыттары, нысандары мен мөлшері бекітілсін. Қаражаттың жұмсалуды бойынша тоқсандық қаржылық есептің ашық жүргізілуі бақылауға алынсын.

Жиналыс төрағасы



А.Т.Сейлева

Жиналыс хатшысы



А.Е.Есказиева

**Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылындағы
№3 отырысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «02» наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Балабақша ғимараты

Төрағасы Сейлева А.Т.

Хатшысы Есказиева А.Е.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 5 адам, балабақша меңгерушісі

А.А.Таухабаева


КҮН ТӘРТІБІ:

1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу.
 2. МдҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыруды ұйымдастыру.
 3. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.
-
1. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі А.А.Таухабаева сөз алып, ұлттық мейрам – Наурыз мерекесін жаңа форматта, яғни «Наурызнама» онкүндігі аясында атап өтуге дайындық жұмыстары туралы баяндады. Ол балаларға ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлер мен ойындарды дәріптеу мақсатында әр күнге арналған тақырыптық іс-шаралар жоспары әзірленгенін жеткізді. Кеңес мүшелері мен ата-аналар комитеті мерекелік қойылымдарды ұйымдастыруға, ұлттық киімдер мен көрнекіліктер дайындауға белсенді қолдау көрсету мәселелерін талқылады.
 2. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: Мектепке дейінгі ұйымның (МдҰ) ғимаратын абаттандыру және балабақша аумағын көгалдандыру мәселесі қаралды. Меңгеруші А.А.Таухабаева көктемгі маусымның келуіне байланысты балабақша ауласын тазалау, қоршауларды ретке келтіру, ойын алаңқайларын сырлау және гүлдер мен көшеттер отырғызу қажеттілігін алға тартты. Кеңес мүшелері ауланы балалар үшін қауіпсіз әрі эстетикалық тұрғыдан тартымды ету мақсатында атқарылатын жұмыстардың көлемін анықтап, қажетті материалдарды сатып алу бағыттарын талқылады.
 3. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Балабақша аумағын көгалдандыру жұмыстарына ата-аналар мен қызметкерлер арасынан еріктілер тобын құру және «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу мәселесі сөз болды. Кеңес төрағасы бұл шараның балаларға экологиялық тәрбие берудегі маңызы зор екенін атап өтті. Ата-аналардың қолдауымен талдар мен көпжылдық гүл көшеттерін отырғызу сенбілігін ұйымдастыру, сондай-ақ бұл игі шараны әлеуметтік желілерде «Жасыл табиғат» челленджі аясында жариялап, өзге де білім беру ұйымдарына жолдау ұсынылды.

ОТЫРЫС ШЕШІМІ:

1. «Наурызнама» онкүндігін мерекелеу бойынша әзірленген іс-шаралар жоспары бекітілсін. Шараларды ұйымдастыру және балаларға ұлттық тәрбие беру жұмыстарына ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлесе атсалысуы қамтамасыз етілсін.
2. Балабақша ғимараты мен аумағын көктемгі абаттандыру, жөндеу және көгалдандыру жұмыстарының жоспары мақұлданын. Ойын алаңқайларының қауіпсіздік талаптарына сай болуы қатаң қадағаланын.
3. Көгалдандыру жұмыстарына қолдау көрсету мақсатында еріктілер (ата-аналар мен қызметкерлер) тобы құрылсын және белгіленген күні сенбілік ұйымдастырылсын. Балабақша ұжымының «Жасыл табиғат» экологиялық челленджіне белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрағасы



А.Т.Сейлева

Жиналыс хатшысы



А.Е.Есказиева

**Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылындағы
№4 отырысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «20» мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: Балабақша ғимараты

Төрағасы Сейлева А.Т.

Хатшысы Есказиева А.Е.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 5 адам, балабақша меңгерушісі

А.А.Таухабаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
 2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі іс-шараларды белсенді өткізуге атсалысу.
 3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
 4. 2025-2026 оқу жылында жасалған қамқоршылық кеңестің қорытынды есебі.
1. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі А.А.Таухабаева сөз алып, алдағы жаз айларында балалардың демалысы мен денсаулығын нығайтуға бағытталған жазғы сауықтыру кезеңінің жоспарымен таныстырды. Күн тәртібінің өзгерісі, балалардың таза ауада өткізетін уақытын ұзарту, шынықтыру шаралары мен сумен орындалатын процедуралардың ұйымдастырылу барысы айтылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынылған жоспарды қарап шығып, оның нормативтік талаптарға сай екендігін растап, өзара келісті.
 2. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: Жазғы сауықтыру кезеңінде балабақша ауласында өткізілетін спорттық, танымдық және мәдени іс-шаралардың мазмұны талқыланды. Ата-аналар комитеті мен кеңес мүшелері балалардың жазғы уақытын қызықты әрі белсенді өткізуіне, түрлі жарыстар мен асфальтта сурет салу, ертегілер әлемі сияқты тақырыптық күндерді ұйымдастыруға, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге жан-жақты атсалысатындарын білдірді.
 3. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша: Жазғы маусымда балабақшаның материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту мақсатында Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану мәселесі қаралды. Кеңес мүшелері жазғы алаңқайлардағы көлеңкелі қалқаларды (навес) жөндеу, құмсалғыштардың құмын жаңарту, сыртқы ойын құрылғыларының қауіпсіздігін арттыру және су шашатын қондырғылар сатып алу бағыттарын, оған бөлінетін қаржының нақты мөлшері мен жұмсалу ережелерін нақтылады.
 4. **ТЫНДАЛДЫ:** Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңестің төрағасы сөз алып, 2025-2026 оқу жылы бойы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін оқыды. Есепте оқу жылы ішінде өткізілген отырыстар, қабылданған шешімдердің орындалуы, демеушілік көмектер мен ерікті жарналардың есебінен балабақшаның дамуына қосылған үлес және ата-аналармен жүргізілген байланыстар егжей-тегжейлі көрсетілді. Меңгеруші А.А.Таухабаева кеңестің бір жылдық жұмысына жоғары баға беріп, алғысын жеткізді.

ОТЫРЫС ШЕШІМІ:


1. «Altyn Uya New» балабақшасының 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары мен күн тәртібі келісілсін және бекітілсін.
2. Жазғы кезеңдегі іс-шаралардың жоғары деңгейде белсенді өтуіне, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауға ата-аналар қауымдастығы мен тәрбиешілер бірлесе жауапты деп танылсын.
3. Жазғы ойын алаңдарын дайындау және материалдық базаны нығайту үшін Қамқоршылық кеңес қаражатын жұмсаудың айқындалған бағыттары мен мөлшері бекітілсін.
4. Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы қорытынды есебі бекітілсін, кеңестің бір жылдық қызметі «жақсы» деп бағалансын.

Жиналыс төрағасы



А.Т.Сейлева

Жиналыс хатшысы



А.Е.Есказиева

«Altyn Uya New» жеке балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

2025-2026 оқу жылында «Altyn Uya New» жеке балабақшасының Қамқоршылық кеңесі өз жұмысын бекітілген жылдық жоспарға, балабақша Жарғысына және ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырды. Оқу жылы ішінде жалпы саны 4 жоспарлы отырыс өткізіліп, балабақшаның дамуы мен бүлдіршіндердің игілігіне бағытталған маңызды мәселелер қаралды.

1. Ұйымдастыру жұмыстары және жоспарлау (Қазан айы)

Оқу жылының басында (№1 отырыс) өткен 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі тыңдалып, қанағаттанарлық деп танылды. Жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді.

Қаржылық ашықтық: Балабақшаға көрсетілетін ерікті жарналар мен демеушілік қаражаттарды пайдаланудың нақты бағыттары, тәртібі мен ережелері айқындалды. Қаражаттың тек мақсатты жұмсалуды бақылауға алынды.

Қысқа дайындық: Балабақшаны қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау барысы қаралды. Жылу жүйесінің, терезелер мен ғимарат шатырының жай-күйі тексеріліп, қысқы маусымда балалардың қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді.

2. Мәдени-қоғамдық шаралар және тамақтану сапасы (Желтоқсан айы)

Қысқы маусымда (№2 отырыс) балалардың шығармашылығы мен денсаулығын нығайту басты назарда болды.

Жаңа жыл мерекесі: Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктер жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кеңес мүшелері мен ата-аналар белсенді атсалысып, балаларға сапалы мерекелік сыйлықтар үлестірілді, шара барысында қауіпсіздік ережелері қатаң сақталды.

Тиімді тамақтану: Балабақшадағы тамақтану сапасына қоғамдық бақылау жүргізілді. Асхананың санитарлық жағдайы тексеріліп, балалардың жас ерекшелігіне сай, дәрумендерге бай, теңгерімді мәзірдің сақталуына оңтайлы жағдайлар жасалды.

Материалдық база: Топтарға қажетті көрнекі құралдар мен дамытушы ойыншықтарды сатып алуға Қамқоршылық кеңес қаражаты бағытталды.

3. Ұлттық тәрбие және экологиялық мәдениет (Наурыз айы)

Көктемгі кезеңде (№3 отырыс) ұлттық құндылықтар мен экологиялық шараларға басымдық берілді.

Наурызнама: Ұлттық мейрам – Наурыз мерекесі «Наурызнама» онкүндігі аясында жаңа форматта өткізілді. Балаларға салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар дәріптеліп, тақырыптық қойылымдар ұйымдастырылды.

Абаттандыру және Көгалдандыру: Балабақша ғимараты мен аумағын көктемгі абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Ойын алаңқайлары жөндеуден өтіп, сырланды.

Экологиялық шара: Ата-аналар мен қызметкерлер арасынан еріктілер тобы құрылып, аулаға талдар мен гүл көшеттерін отырғызу сенбілігі өтті. Балабақша ұжымы «Жасыл табиғат» экологиялық челленджіне белсенді қатысып, бұл игі шара әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталды.

4. Жазғы маусымға дайындық және қорытынды (Мамыр айы)

Оқу жылының соңында (№4 отырыс) алдағы жаз айларына дайындық мәселелері пысықталды.

Жазғы сауықтыру: Жазғы кезеңдегі балалардың күн тәртібі, шынықтыру шаралары мен таза ауадағы ойындар жоспары келісілді. Кеңес мүшелері спорттық және танымдық шараларды белсенді өткізуге қолдау көрсетуді міндетіне алды.

Ауланы жабдықтау: Қамқоршылық кеңес қаражаты есебінен жазғы ойын алаңқайларындағы көлеңкелі қалқалар жөнделіп, құмсалғыштардың құмы жаңартылды және сыртқы ойын құрылғыларының қауіпсіздігі тексерілді.

Қорытынды:

2025-2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңес балабақша әкімшілігімен және ата-аналар ұжымымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Жылдық жоспарда көрсетілген барлық міндеттер мен іс-шаралар уақытылы, сапалы және толық көлемде орындалды. Қаражаттың жұмсалуды ашық әрі мақсатты түрде жүзеге асырылды. Қамқоршылық кеңестің бір жылдық қызметі **«қанағаттанарлық» (жақсы)** деп бағаланды.

Жиналыс төрағасы



А.Т.Сейлева

Жиналыс хатшысы



А.Е.Есказиева